



Автор: Кабиева Женисгул Исатаевна

Пән: Көркем еңбек

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Дизайн және технология

Тақырып: Тоқыма мозаика техникасында тігін бұйымдарының дизайны (құрақ, пэчворк, квилт) Идеяларды құру. Нобай.

Материалды таңдау және дайындау. Жұмыстың орындалу бірізділігі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.5.1-Өзінің және өзгенің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) тәжірибесіне сүйене отырып және композицияның негізгі заңдылықтарын ескеріп, қарапайым нысандардың дизайнын дайындау бойынша тапсырмаларды орындау 5.1.4.1-Шығамашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтай отырып, жоспар дайындау
Сабақтың мақсаты:	Өзінің және өзгенің тәжірибесіне сүйене отырып және композицияның негізгі заңдылықтарын ескеріп, қарапайым нысандардың дизайнын құрастыра білу Суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер тәжірибесін зерделеп анықтау Композицияның негізгі заңдылықтарын ескеріп, қарапайым нысандардың дизайнын дайындау
Тілдік мақсаттар:	Құрақ құрау-Лоскутное шитье-Quilting Қимаүлгі-контур бойынша сызбалар немесе қандай да бір бұйым жасалатын үлгі Мозайка – материалы, пішіні мен түсі бірдей немесе әртүрлі элементтен жасалған өрнек
Күтілетін нәтиже:	Өзінің және өзгенің тәжірибесіне сүйене отырып және композицияның негізгі заңдылықтарын ескеріп, қарапайым нысандардың дизайнын құрастыра біледі Суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер тәжірибесін зерделеп анықтайды Композицияның негізгі заңдылықтарын ескеріп, қарапайым нысандардың дизайнын дайындайды
Бағалау критерийлері:	Өзінің және өзгенің тәжірибесіне сүйене отырып және композицияның негізгі заңдылықтарын ескеріп, қарапайым нысандардың дизайнын құрастыра біледі Суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер тәжірибесін зерделеп анықтайды Композицияның негізгі заңдылықтарын ескеріп, қарапайым нысандардың дизайнын дайындайды
Құндылықтарды дарыту:	Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы Жалпыға бірдей еңбек қоғамы. Өмір бойы білім алу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Paint компьютерлік бағдарламасы арқылы тоқыма мозайкасының элементтерін құрастыру
Пәнаралық байланыс:	Тарих – құрақтың шығу тарихы мен қолданылу аясы туралы мәлімет алады. Бейнелеу өнері –орналасу заңдылығын, түстердің үйлесімін таба алады. Сызуды – өлшемдерін дұрыс анықтай алады.
Бастапқы білім:	Тоқыма материалдардың жіктемесі мен сипаттамаларын, материалдардың түрлері мен ерекшеліктерін біледі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы	Амандасу. Оқушыларды түгендеу «Қарлы кесек» әдісі арқылы алдыңғы сабақ тақырыбына байланысты жіпті бір-бірімізге беру арқылы сұрақтарға жауап алынады. Маталар туралы не білетіндеріңді білгім келеді: 1. Матаның құрамы неден тұрады? (талшықтан) 2. Талшықтар неше топқа бөлінеді? (2) 3.Талшықтар екіге бөлінеді қалай аталады ? (Табиғи талшықтар, синтетикалық талшықтар) 4.Табиғи талшықтарға нелер жатады? (жануарлардан-жүн, жібек, өсімдіктерден-мақта, зығыр) 5.Жасанды талшықтарға нелер жатады? (синтетикалық және химиялық: капрон, лавсан, вискоза). 6. Матаның оң-терісін қалай анықтайды? (бетіне түскен суреті, түсі, бетінің жылтырлығы арқылы) 7.Қандай мата түрлерін білесіңдер? (шыт, жібек, сатин, парша, барқыт, т.б.) 8.Талшықтан не аламыз? (Жіп) Біздің жібіміз бір бірімізге беру арқылы не істеді? (Дұрыс айқасты.) 9.Жіптің айқасуы арқылы не алынады? (мата) Дескриптор: - мата түрлерін біледі - матаның шығу жолы мен талшық аттарын ажырата алады ҚБ «Мадақтау» әдісі арқылы бағалаймын Балалар өздеріңе ұнаған қағаз қиындысын таңдайық. Таңдаған қағаз қиындысы арқылы топқа бөлінеді I. Үшбұрыш II. Төрт бұрыш III. Ромб Қиындыларды құрастырайық. Балалар қиындылардан не шықты? (құрақ) Дұрыс құрақ шықты. Балалар енді құрақ туралы не білеміз, не білгіміз келеді кестені толтырайық. Білемін Білгім келеді Үйрендім + +	Тоқыма жіп, қағаз қиындылары
Сабақтың ортасы	ЖИКСО I топ Шығу тарихы; II топ Құрақ түрлері; қолданылуы; III топ Құрақ құрау әдісі; Бейне баян «Құрақ құрау жолдары» Сарамандық жұмыс. Қ.С.Е еске салу Құрау технологиясы: 1.Қандай өрнекті құрасақ та сол өрнектің сызбасын қағаз бетіне түсіріп аламыз. 2. Матаның түр түсінің үйлесімділігін анықтау үшін оны түс таңдай отырып, бояп аламыз. 3. Геометриялық пішінде үлгі қағаз даярлап аламыз да, сол қағазды үлгі етіп, пайдалану арқылы, матаны қағаз мөлшерімен қиып аламыз. 4. Қиылған матаны өрнек бойынша рет-ретімен: - әуелі ортаңғы бөлік, содан кейін шеткі бөліктерді тігіп аламыз. Біз алдымен бұйымды жасау үшін алғаш жобасын сызамыз. Ал, енді жоба бойынша геометриялық пішіндерді түрлі-түсті қағаздан қиып алып, оларды көрпеше тәрізді қатырма қағаз бетіне дұрыс орналастырып, желімдейміз. Нәтижесінде түрлі-түсті әсем құрақтар пайда болады. Дескриптор: - нобай ұқыпты эстетикалық талғамға сай; - құрақтың симметрия заңдылығын сақталған - түстер үйлесімділігі сақталған - қауіпсіздік ережесін біледі сақтайды	https://www.youtube.com/watch?v=obhSGLUhlSk
Сабақтың соңы	ББҮ парағын толтыру Білемін Білгім келеді Үйрендім + Үйге тапсырма: Құрақ тігудің технологиялық картасына қарап көрпеше тігу	
Рефлексия	«Бес саусақ» әдісі бойынша бүгінгі сабақтан алған әсерлерін айтады.	